

# Мамандық таңдау - болашаққа бастар жол

Әр мамандықтың қыры мен сыры, қиындығы, қызығы, бейнелі мен табысы болады. Сондықтан, мамандық таңдауда қателеспеген абзал. Рас, бір кездері мұғалім беделі биік, тау тұлға болғаны рас. Айтқаны-айқын, дегені-деген, даналардың қатарында тұрған. Сауатты адаммен жұрт санасқан. Бүкіл ел ауызына қарап, алдынан кесе-көлденең өтпеген. Мұғалім болуға екінің бірінің қолы жетпеген. Нағыз білімді, мінезді, еңбекқор, он сауағынан өнер тамған майталман мұғалімдерді ел сыйлаған.

Қай заманның болсын мұғалімі Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегеніндей ұстаз деген киелі мамандық иесі. Адам өміріндегі ең қымбат жанның бірі – ұстаз. Ұстаз – осы бір сөздің өзінде көп мағына жатыр. Өмірдегі қоғам қайраткерлері кейбір данышпан адамдар, бәрі-бәрі бір адамға қарыздар, ол – ұстаз.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты мұғалімдер дайындайтын бірден-бір жетекші оқу орны. Институтта бірнеше мамандықтар бойынша мұғалім кадрлар дайындайды. Оқу базасы мен жатақханалары талапқа сай жабдықталған. Осының ішінде химия, биология және география кафедрасы өзінің ерекше инновациялық көрінісімен қызықтырады. Кафедрада химиядан үш зертханалық кабинет, биологиядан екі зертханалық кабинет, географиядан бір зертханалық кабинет және әдістемелік кабинет керекті құрал-жабдықтарымен толық жабдықталған. Кафедрада өлкетану музейі жұмыс істейді. Мұнда екі ғылым докторы, екі РҒД докторы, екі доцент, бірнеше магистр және тәжірибелі аға оқытушылар жұмыс атқарады.

Оқу барысында студенттер бірнеше сатылы кезеңдер бойынша оқу бағдарламасын мең-

гереді. Әр мамандықтың негізін оқып үйреніп, тарихынан теориялық білім алады, алуан түрлі жобалаудың, өндірісін зерттеудің менеджмент пен маркетингтік тәсілдерді меңгереді. Студенттердің оқып меңгерген, жинақтаған білімін өнеркәсіптік салада компьютерлік технологияларды қолдана отырып пайдалану, мамандандыру кезеңі деп аталады. Жоғарыда аталған кезеңдердің әрқайсын меңгеру шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік береді.

Мамандарды дайындаудың оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі бекіткен мемлекеттік жоғарғы кәсіби білім беру үлгісі негізінде құрылған. Оқу бағдарламасын меңгеру нәтижесінде негізгі теориялық білімін іс-жүзінде еркін қолдана және еркін меңгеруіне көмектеседі.

Кафедрада студенттердің өзіндік шығармашылық жұмы-

старына баса назар аударылады. Оған студенттер белсене қатынасатын мынадай ірі байқаулар дәлел бола алады. «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Ұлт көшбасшысы Қоры» шакіртақысып алғашқы рет АрқМПИ 5В011600 «География» мамандығының студенті Айдана Берікқызы жеңіп алды. 2014 жылы 5В011200 «Химия» мамандығының студенттері Сымбат Ахатова, Әйгерім Нұркенова, Жәнібек Жұмабековтер Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінде химия пәнінен өткен VI Республикалық олимпиадасында 3-орынды жеңіп алды. 5В011200 «Химия» мамандығының студенті Мәншүк Жаппар АрқМПИ ректоры атындағы ғылыми жобалар сайысында 1 орын, биология, география мамандығының студенттері Гүлбану Исақ, Ұлбала Алтынбек 2-орынды, Айдана Сомтемір 3-орынды иеленді. Біздің маман-